



Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің Кондратовка ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 наурызда № 6058 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Кондратовка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Петерфельд ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің Кондратовка ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше - Абылай хан көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше – Отан көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Петерфельд ауылдық
округі әкімінің
міндетін атқарушы*

К.Имамудинова

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Петерфельд ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы
28 ақпаны № 15 шешіміне қосымша

Петерфельд ауылдық округінің Кондратовка ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта



Петерфельд ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Қ.Имамутдинова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК